Егде жастағы пациенттерде қан плазмасындағы креатинин құрамын жасын, дене салмағын және жынысын ескере отырып бақылау жүргізу керек. Арифон ретард препаратын бүйрек функциясы қалыпты немесе оның ең аз бұзылулары бар егде жастағы пациенттерге тағайындауға болады.

Балалар

Балалар мен жасөспірімдерде Арифон ретард дәрілік препаратын қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. Деректер жоқ.

Қолдану тәсілі

Ішке; таблетканы шайнамай, сумен іше отырып, тұтастай жұту керек.

4.3. Қолдануға болмайтын жағдайлар

- Әсер етуші затқа, басқа сульфонамид туындыларына немесе препараттың 6.1-бөлімде аталған қосымша заттарының кез келгеніне аса жоғары сезімталдық;
- Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі (креатинин клиренсі 30 мл/ минуттан аз)
- Бауыр энцефалопатиясы немесе бауыр функциясының ауыр бұзылуы;
- Гипокалиемия.

4.4. Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Сақтықпен

Бауыр мен бүйрек функциясының жеңіл немесе орташа дәрежедегі ауырлықта бұзылуы, су-электролит теңгерімінің бұзылуы, ЭКГ-да QT аралығы ұлғайған пациенттерде қолдану, әлсіреген пациенттерде, QT аралығын ұлғайтуы мүмкін препараттармен біріккен ем алатын, дәрілік препараттармен, «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияны туындатуға қабілетті дәрілік препараттармен, литий препараттарымен, гипокалиемияны немесе жүрек гликозидтерін туындатуға қабілетті дәрілік препараттармен қолдану (4.5-бөлімін қараңыз), шеткері ісінулер немесе асцит, жүректің ишемиялық ауруы, жүрек жеткіліксіздігі, гиперпаратиреоз, қант диабеті, гиперурикемия және подагра, анамензде пенициллинге аллергиялық реакция бар пациенттерде қолдану.

Айрықша нұсқаулар

Бауыр функциясының бұзылуы

Бауыр функциясы бұзылған пациенттерде тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктерді тағайындаған кезде, әсіресе су-электролит теңгерімі бұзылған жағдайда, бауыр

комасына дейін үдеуі мүмкін бауыр энцефалопатиясының дамуы ықтимал. Бұл жағдайда диуретиктер қолдануды дереу тоқтату керек.

Фотосезімталдық реакциясы

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктерді қабылдау аясында фотосезімталдық реакцияларының даму жағдайлары хабарланды (4.8-бөлімді қараңыз). Дәрілік препаратты қабылдау аясында фотосезімталдық реакциялары дамыған жағдайда емдеуді тоқтату ұсынылады. Егер диуретикті қайта тағайындау қажет деп танылса, ашық жерлерді күн сәулесінен немесе А типті жасанды ультракүлгін сәулелерден қорғау ұсынылады.

Қосымша заттар

Сирек кездесетін тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, лактазаның толық жеткіліксіздігі немесе глюкоза-галактоза мальабсорбциясы бар пациенттерге Арифон ретард дәрілік препаратын қабылдауға болмайды.

Қолдану кезіндегі ерекше сақтық шаралары

Су-электролит теңгерімі

Қан плазмасындағы натрий иондарының құрамы

Емдеуді бастамас бұрын қан плазмасындағы натрий иондарының концентрациясын анықтау қажет. Препаратты қабылдау аясында бұл көрсеткішті үнемі бақылап отырған жөн. Натрий иондарының концентрациясын үнемі бақылау қажет, өйткені қан плазмасындағы натрий концентрациясының бастапқы төмендеуі асимптоматикалық болуы мүмкін. Бауыр циррозы бар пациенттерді әне егде жастағы адамдарды жиі бақылап отыру керек (4.8 және 4.9-бөлімдерді қараңыз). Кез келген диуретикалық препарат гипонатриемияны тудыруы мүмкін, кейде өте ауыр зардаптарға әкеледі. Гипонатриемия гиповолемиямен бірге дегидратация мен ортостатикалық гипотензияның себебі болуы мүмкін. Қан плазмасындағы хлор иондары концентрациясының қатар төмендеуі қайталама компенсаторлық метаболикалық алкалозға әкелуі ықтимал: бұл әсердің даму жиілігі мен ауырлық дәрежесі шамалы.

Қан плазмасындағы калий иондарының құрамы

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктермен емдеу кезінде негізгі қауіп қан плазмасындағы калий концентрациясының төмендеуі және гипокалиемияның дамуы болып табылады. Гипокалиемия бұлшықет бұзылысын тудыруы мүмкін. Рабдомиолиз туралы хабарланды, көбінесе ауыр гипокалиемия аясында. Жоғары қауіп тобындағы пациенттерде гипокалиемияның (< 3,4 ммоль/л) дамуын болдырмау қажет: әлсіреген және/немесе дәрі-дәрмекпен біріктірілген ем қабылдайтын егде жастағы пациенттер,

бауыр циррозы, шеткері ісінулер және асцит бар пациенттер, жүректің ишемиялық ауруы, жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттер. Мұндай пациенттердегі гипокалиемия жүрек гликозидтерінің кардиоуыттылығын күшейтеді және аритмияның даму қаупін арттырады.

Туа біткен және дәрілік препараттар туындатқан QT аралығының ұзаруы бар пациенттер қауіп тобына жатады. Гипокалиемия, брадикардия сияқты, ауыр аритмияның дамуына ықпал ететін жай-күй болып табылады, атап айтқанда, өлімге әкелуі мүмкін «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия.

Жоғарыда сипатталған барлық жағдайларда қан плазмасындағы калий концентрациясын әдеттегіден гөрі жиі бақылап отыру керек. Қан плазмасындағы калий иондарының концентрациясын алғашқы өлшеу ем басталғаннан бастап бірінші аптада орындалуы тиіс.

Гипокалиемия анықталған кезде тиісті ем тағайындалуы тиіс. Егер қан плазмасындағы магний түзетілмеген жағдайда, қан плазмасындағы магнийдің төмен концентрациясымен бірге анықталған гипокалиемия емдеуге төзімді болуы мүмкін.

Қан плазмасындағы магнийдің мөлшері

Тиазид және тиазид тәрізді диуретиктер, соның ішінде индапамид, гипомагниемияға әкелуі мүмкін магнийдің несеппен экскрециясын жоғарылататыны көрсетілген (4.5 және 4.8 бөлімдерін қараңыз).

Қан плазмасындағы кальций мөлшері

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктер бүйрекпен кальцийдің шығарылуын азайтып, қан плазмасындағы кальций деңгейінің шамалы және уақытша жоғарылауына әкелуі мүмкін. Нақты гиперкальциемия бұрын диагноз қойылмаған гиперпаратиреоздың салдары болуы мүмкін.

Қалқанша маңы безінің функциясын зерттемес бұрын диуретикалық препараттарды қабылдауды тоқтату керек.

Қан плазмасындағы глюкоза мөлшері

Қант диабеті бар пациенттерде, әсіресе гипокалиемия болған кезде қандағы глюкоза концентрациясын бақылау маңызды.

Несеп қышқылы

Гиперурикемиясы бар пациенттерде подагра ұстамасының даму қаупі артуы мүмкін.

Диуретикалық препараттар және бүйрек функциясы

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктер бүйрек функциясы қалыпты немесе шамалы бұзылған пациенттерде ғана толық көлемде тиімді (ересек адамдарда қан плазмасындағы

креатинин мөлшері 25 мг/л-ден төмен немесе 220 мкмоль/л). Егде жастағы пациенттерде қан плазмасындағы креатинин деңгейі жасын, дене салмағын және жынысын ескере отырып есептеледі.

Емдеудің басында пациенттерде гиповолемияға байланысты гломерулярлық сүзу жылдамдығының төмендеуі байқалуы мүмкін, бұл өз кезегінде диуретикалық препараттарды қабылдау аясында су мен натрий иондарының жоғалуынан болады. Нәтижесінде қан плазмасында мочеви́на мен креатинин концентрациясы жоғарылауы мүмкін. Мұндай транзиторлы функционалдық бүйрек жеткіліксіздігінің бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде клиникалық маңызы жоқ, алайда емдеу басталғанға дейін болған бүйрек жеткіліксіздігін ушықтыруы мүмкін.

Спортшылар

Спортшылар Арифон ретард дәрілік препаратының құрамына кіретін әсер етуші заттың допинг-бақылау жүргізу кезінде оң нәтиже беретініне назар аударуы тиіс.

Хориоидты жалқық / Жедел миопия / Қайталама жабық бұрышты глаукома

Сульфонамидтер мен олардың туындылары идиосинкразиялық реакциялар тудыруы мүмкін, бұл көру аймағында ақауы бар хориоидты жалқықтың дамуына, жедел миопияға және қайталама жабық бұрышты глаукоманың жедел ұстамасына әкеледі. Симптомдарға мыналар жатады: тиазид / тиазид тәрізді диуретикпен емдеу басталғаннан бастап, әдетте, бірнеше сағат немесе апта ішінде білінетін көру өткірлігінің кенеттен төмендеуі немесе көздің ауыруы. Емделмеген жағдайда жедел жабық бұрышты глаукома көруді қайтымсыз жоғалтуға әкелуі мүмкін. Симптомдар пайда болған кезде тиазидті / тиазид тәрізді диуретикті қабылдауды мүмкіндігінше тез тоқтату қажет. Егер көзішілік қысым бақыланбайтын болса, шұғыл дәрі-дәрмекпен емдеу немесе хирургиялық араласу қажет болуы мүмкін. Жедел жабық бұрышты глаукома даму қаупінің факторы анамнезінде сульфонамид туындыларына немесе пенициллинге аллергиялық реакция болып табылады.

4.5. Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Қолдануға ұсынылмайтын біріктірілімдер

Литий препараттары

Индапамид пен литий препараттарын бір мезгілде қолданғанда, сондай-ақ тұзсыз диета ұстанғанда, артық дозалану белгілерінің пайда болуымен қатар жүретін оның экскрециясының төмендеуі салдарынан қан плазмасында литий концентрациясының жоғарылауы байқалуы ықтимал. Қажет болған жағдайда диуретикалық препараттарды

литий препараттарымен бірге қолдануға болады, бұл ретте қан плазмасындағы литий концентрациясын мұқият бақылау және препараттың дозасын тиісінше таңдау керек.

Сақтықты қажет ететін біріктірілімдер

«Пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияны туындатуға қабілетті дәрілік препараттар, оның ішінде, бірақ шектелмей:

- аритмияға қарсы IA класты (мысалы, хинидин, гидрохинидин, дизопирамид, прокаинамид) және IC класты (флекаинид) дәрілік препараттар;
- аритмияға қарсы III класты дәрілік препараттар (мысалы, амиодарон, соталол, дофетилид, ибутилид, бретилий, дронедазон);
- кейбір психозға қарсы препараттар: фенотиазиндер (мысалы, хлорпромазин, циамемазин, левомепромазин, тиоридазин, трифлуоперазин, флуфеназин), бензамидтер (амисульприд, сульприд, сультоприд, тиаприд), бутирофенондар (дроперидол, галоперидол), басқа психозға қарсы препараттар (мысалы, пимозид, сертиндол);
- антидепрессанттар: трициклді антидепрессанттар, серотонинді кері қармаудың селективті тежегіштері (циталопрам, эскиталопрам);
- бактерияға қарсы дәрілер: фторхинолондар (левофлоксацин, моксифлоксацин, спарфлоксацин, ципрофлоксацин); макролидтер (вена ішіне енгізгенде эритромицин, азитромицин, кларитромицин, рокситромицин, спирамицин), ко-тримоксазол;
- азолдар қатарындағы зеңге қарсы дәрілер (вориконазол, итраконазол, кетоконазол, флуконазол);
- безгекке қарсы дәрілер (хинин, хлорохин, мефлохин, галофантрин, лумефантрин);
- антиангинальді дәрілер (ранолазин, беприл);
- ісікке қарсы препараттар және иммуносупрессанттар (вандетаниб, мышьяк триоксиді, оксалиплатин, такролимус, анагрелид);
- құсуға қарсы дәрілер (ондансетрон);
- асқазан-ішек жолының моторикасына әсер ететін дәрілер (цизаприд, домперидон);
- антигистаминдер (астемизол, терфенадин, мизоластин);
- басқа да белсенді заттар: пентамидин, дифеманил, винкамин вена ішіне енгізгенде, вазопрессин, терлипрессин, кетансерин, пробукол, пропофол, севофлуран, теродилин, цилостазол, метадон.

Қарыншалық аритмиялардың, атап айтқанда «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия даму қаупінің жоғарылауы (қауіп факторы – гипокалиемия).

Индапамидпен және жоғарыда көрсетілген препараттармен біріктірілген ем тағайындар алдында гипокалиемияны анықтау мақсатында зерттеу жүргізу және қажет болған жағдайда түзету жүргізу керек. Пациенттің клиникалық жағдайын бақылау, қан плазмасындағы электролиттер деңгейін, ЭКГ көрсеткіштерін бақылау қажет.

Гипокалиемиясы бар пациенттерде «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия тудырмайтын препараттарды қолдану қажет.

Қабынуға қарсы стероидты емес дәрілік препараттар (жүйелі қолданған кезде), ЦОГ-2 селективті тежегіштерін қоса, ацетилсалицил қышқылының жоғары дозалары (≥ 3 г/тәулігіне)

Индапамидтің гипертензияға қарсы әсері төмендеуі мүмкін.

Организмдегі сусыздануы бар пациенттерде шумақтық сүзілудің төмендеуіне байланысты жедел бүйрек жеткіліксіздігінің даму қаупі бар. Пациенттер жоғалтқан сұйықтықтың орнын толтыруы және емнің басында бүйрек функциясын мұқият бақылап отыруы қажет.

Ангиотензин-өзгертуші фермент (АӨФ) тежегіштері

Бастапқыда қандағы натрий иондарының концентрациясы төмендеген АӨФ тежегіштерін тағайындау кенеттен артериялық гипотензия және/немесе жедел бүйрек жеткіліксіздігі қаупімен (атап айтқанда, бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерде) қатар жүреді.

Артериялық гипертензиясы бар және диуретиктерді алдында қолданудың салдарынан қандағы натрий иондары концентрациясы төмендеуі мүмкін пациенттерге:

- АӨФ тежегішімен емдеуді бастағанға дейін 3 күн бұрын диуретиктер қабылдауды тоқтату керек. Одан әрі, қажет болған жағдайда, калориясыз диуретик қабылдауды қайта бастауға;
- немесе АӨФ тежегішімен емді төмен дозалардан бастау, қажет болған жағдайда дозаны біртіндеп арттыруға болады.

Жүрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі кезінде АӨФ тежегіштерімен емдеуді ең төмен дозалардан бастап, калий сақтамайтын диуретиктің дозасын алдын ала төмендету мүмкіндігімен бастау керек.

Барлық жағдайларда, пациенттерде АӨФ тежегіштерін қабылдаудың алғашқы апталарында бүйрек функциясын (қан плазмасындағы креатинин мөлшері) бақылау қажет.

Гипокалиемияны туындатуға қабілетті басқа препараттар: амфотерицин В (в/і), глюко - және минералокортикоидтар (жүйелік қолданған кезде), тетракозактид, ішек моторикасын көтермелейтін іш жүргізетін дәрілер

Гипокалиемия даму қаупінің артуы (аддитивті әсер).

Қан плазмасындағы калий концентрациясын үнемі бақылау, қажет болған жағдайда оны түзету қажет. Жүрек гликозидтерін бір уақытта қабылдайтын пациенттерге ерекше назар аудару керек. Ішек моторикасын көтермелейтін ішек жүргізетін дәрілерді пайдалану ұсынылады.

Баклофен

Гипертензияға қарсы әсердің күшеюі байқалады.

Пациенттер жоғалтқан сұйықтықтың орнын толтыруы және емнің басында бүйрек функциясын мұқият бақылап отыруы қажет.

Жүрек гликозидтері

Гипокалиемия және/немесе гипомагниемия жүрек гликозидтерінің уытты әсерінің жоғарылауын тудыруы мүмкін. Индапамид пен жүрек гликозидтерін бір мезгілде қолданғанда қан плазмасындағы калий мен магний концентрациясын, ЭКГ көрсеткіштерін бақылау және қажет болған жағдайда емді түзету қажет.

Ерекше назар аударуды қажет ететін біріктірілімдер:

Аллопуринол

Индапамидпен бірге қолдану аллопуринолға аса жоғары сезімталдық реакцияларының даму қаупін арттыруы мүмкін.

Назар аударуды қажет ететін біріктірілімдер

Калий сақтайтын диуретиктер (амилорид, спиронолактон, триамтерен)

Индапамидпен және калий сақтайтын диуретиктермен біріктірілген ем кейбір пациенттерде орынды, алайда бұл ретте гипокалиемияның немесе гиперкалиемияның (әсіресе бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде немесе қант диабеті бар пациенттерде) даму мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Қан плазмасындағы калий концентрациясын, ЭКГ көрсеткіштерін бақылау және қажет болған жағдайда емді түзету қажет.

Метформин

Диуретиктерді, әсіресе ілмекті диуретиктерді қабылдау аясында пайда болатын функционалды бүйрек жеткіліксіздігі метформин тудыратын сүт қышқылы ацидозының даму қаупін арттырады.

Егер қан плазмасындағы креатинин деңгейі ерлерде 15 мг/л (135 мкмоль/л) және әйелдерде 12 мг/л (110 мкмоль/л) асатын болса, метформинді қолдануға болмайды.

Құрамында йод бар контрастылы заттар

Диуретикалық препараттарды қабылдау аясында дегидратация жағдайында, әсіресе құрамында йод бар контрастылы заттардың жоғары дозаларын қолданған кезде жедел бүйрек жеткіліксіздігінің даму қаупін арттырады.

Құрамында йод бар контрастылы заттарды қолданар алдында пациенттер жоғалтқан сұйықтық орнын толтыруы қажет.

Трициклді антидепрессанттар, психозға қарсы препараттар

Осы кластар препараттары гипертензияға қарсы әсер көрсетеді және ортостаздық гипотензияның (аддитивті әсер) даму қаупін арттырады.

Кальций (тұздар)

Бір мезгілде қолданған кезде бүйрекпен кальций иондары шығарылуының төмендеуі салдарынан гиперкальциемия дамуы мүмкін.

Циклоспорин, такролимус

Қан плазмасындағы креатинин концентрациясын айналымдағы циклоспорин концентрациясын өзгертпей, тіпті су мен натрий иондары жоғалмаса да арттыруға болады.

Кортикостероидты препараттар, тетракозактид (жүйелік қолдану)

Гипертензияға қарсы әсерінің төмендеуі (кортикостероидтардың әсерінен су мен натрий иондарының іркілуі).

4.6. Фертильділік, жүктілік және лактация

Жүктілік

Қазіргі уақытта жүктілік кезінде индапамидті қолдану туралы жеткілікті деректер жоқ (300-ден аз жағдай сипатталған). Тиазидті диуретиктерді жүктіліктің үшінші триместрінде ұзақ уақыт қолдану анадағы гиповолемияны және жатыр-плаценталы қан ағымының төмендеуін тудыруы мүмкін, бұл фетоплацентарлы ишемияға және шарана дамуының кідіруіне әкеледі.

Жануарларды зерттеу репродуктивті функцияға тікелей немесе жанама уытты әсерін анықтамаған.

Сақтық шарасы ретінде жүктілік кезінде индапамидті қолданудан аулақ болу ұсынылады.

Лактация

Индапамид немесе оның метаболиттерінің адам емшек сүтіне енуі туралы деректер жеткіліксіз. Жаңа туған нәрестеде сульфонамид туындыларына және гипокалиемияға жоғары сезімталдық дамуы мүмкін. Осыған байланысты жаңа туған нәресте/сәбилер үшін қаупін жоққа шығаруға болмайды.

Индапамид тиазидті диуретиктерге жақын, оларды қабылдау емшек сүтінің мөлшерін азайтуға немесе тіпті лактацияны басуға әкеледі.

Индапамидті бала емізу кезеңінде қолдану ұсынылмайды.

Фертильділік

Репродуктивті уыттылықты зерттеу әйелдер мен еркек егеуқұйрықтардың фертильділігіне әсер етпейтінін көрсетті. Болжам бойынша, адамның фертильділігіне әсер етпейді.

4.7. Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер ету

Индапамид зейіннің бұзылуына әсер етпейді, бірақ кейбір жағдайларда, әсіресе емнің басында немесе жүргізілетін емге басқа гипертензияға қарсы дәрілік препараттар қосылған кезде артериялық қысымның төмендеуімен байланысты реакциялар туындауы мүмкін. Нәтижесінде автомобильді немесе басқа механизмдерді басқару қабілеті бұзылуы мүмкін.

4.8. Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейінінің түйіндемесі

Хабарланған ең көп таралған жағымсыз реакциялар гипокалиемия, аллергиялық және демікпелік реакцияларға бейімділігі бар пациенттерде жоғары сезімталдық реакциялары, негізінен дерматологиялық, сондай ақ макула-папулезді бөртпе болды.

Жағымсыз реакциялардың кестелік түйіндемесі

Индапамидпен емдеу кезінде байқалған жағымсыз реакциялардың жиілігі мынадай градация түрінде келтірілген: өте жиі ($\geq 1/10$); жиі ($\geq 1/100$, $< 1/10$); жиі емес ($\geq 1/1000$, $< 1/100$); сирек ($\geq 1/10000$, $< 1/1000$); өте сирек ($1/10000$), жиілігі белгісіз (қолда бар деректер бойынша жиілігін есептеу мүмкін емес).

Жүйелік-ағзалық класс MedDRA	Жағымсыз реакциялар	Жиілік
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Агранулоцитоз	Өте сирек
	Аплазиялық анемия	Өте сирек

Жүйелік-ағзалық класс MedDRA	Жағымсыз реакциялар	Жиілік
	Гемолиздік анемия	Өте сирек
	Лейкопения	Өте сирек
	Тромбоцитопения	Өте сирек
Метаболизм және тамақтану бұзылыстары	Гиперкальциемия	Өте сирек
	Гипокалиемия (4.4-бөлімді қараңыз)	Жиі
	Гипомагниемия	Сирек
	Гипохлоремия	Сирек
	Гипонатриемия (4.4 бөлімін қараңыз)	Жиі емес
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Вертиго	Сирек
	Қатты қажу.	Сирек
	Бас ауыру	Сирек
	Парестезия	Сирек
	Естен тану	Жиілігі белгісіз
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	Миопия	Жиілігі белгісіз
	Бұлыңғыр көру	Жиілігі белгісіз
	Көру қабілетінің бұзылуы	Жиілігі белгісіз
	Жедел жабық бұрышты глаукома	Жиілігі белгісіз
	Хориоидальді жалқық	Жиілігі белгісіз
Жүрек тарапынан бұзылулар	Аритмия	Өте сирек
	«Пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия (өліммен аяқталуы ықтимал) (4.4 және 4.5-бөлімдерді қараңыз)	Жиілігі белгісіз
Қанқамырлар тарапынан бұзылулар	Артериялық гипотензия	Өте сирек
Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	Құсу	Жиі емес
	Жүрек айнуы	Сирек
	Іш қату	Сирек
	Ауыздың құрғауы	Сирек
	Панкреатит	Өте сирек
Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Бауыр функциясының бұзылуы	Өте сирек
	Бауыр жеткіліксіздігі жағдайында бауыр энцефалопатиясының дамуы мүмкін (4.3 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).	Жиілігі белгісіз
	Гепатит	Жиілігі белгісіз
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	Жоғары сезімталдық реакциялары	Жиі
	Макуло-папулалық бөртпе	Жиі
	Пурпура	Жиі емес
	Ангионевроздық ісіну	Өте сирек
	Есекжем	Өте сирек
	Уытты эпидермалық некролиз	Өте сирек
	Стивенс-Джонсон синдромы	Өте сирек
	Бұрыннан бар жедел жүйелі қызыл жегі өршуі мүмкін	Жиілігі белгісіз

Жүйелік-ағзалық класс MedDRA	Жағымсыз реакциялар	Жиілік
	Фотосезімталдық реакциясы (4.4-бөлімді қараңыз)	Жиілігі белгісіз
Бүйрек және несеп шығару жолының тарапынан бұзылулар	Бүйрек жеткіліксіздігі	Өте сирек
Бұлшықет, қаңқа және дәнекер тіндердің бұзылуы	Бұлшықет түйілуі	Жиілігі белгісіз
	Бұлшықет әлсіздігі	Жиілігі белгісіз
	Миалгия	Жиілігі белгісіз
	Рабдомиолиз	Жиілігі белгісіз
Ұрпақ өрбіту жүйесі мен сүт бездерінің бұзылуы	Эрекциялық дисфункция	Жиі емес
Зертханалық және аспаптық деректер	ЭКГ-да QT аралығының ұзаруы (4.4 және 4.5-бөлімдерді қараңыз)	Жиілігі белгісіз
	Қандағы глюкоза концентрациясының жоғарылауы (4.4-бөлімді қараңыз)	Жиілігі белгісіз
	Қандағы несеп қышқылы концентрациясының жоғарылауы (4.4 бөлімін қараңыз)	Жиілігі белгісіз
	Бауыр ферменттерінің белсенділігін арттыру	Жиілігі белгісіз

Жеке жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Индапамидті 1,5 мг дозада салыстыратын II және III фазаның зерттеулері шеңберінде және

2,5 мг, индапамидтің қан плазмасындағы калий деңгейіне дозаға тәуелді әсері анықталды:

- Индапамид 1,5 мг: қан плазмасындағы калий концентрациясы 3,4 ммоль/л-ден аз пациенттердің 10% байқалды, ал қан плазмасындағы калий концентрациясы 3,2 ммоль/л-ден аз пациенттердің 4% ем басталғаннан кейін 4-6 аптадан кейін байқалды. 12 апталық емнен кейін қан плазмасындағы калий концентрациясының орташа төмендеуі 0,23 ммоль/л құрады.

- Индапамид 2,5 мг: қан плазмасындағы калий концентрациясы 3,4 ммоль/л-ден аз пациенттердің 25% байқалды және қан плазмасындағы калий концентрациясы 3,2 ммоль/л-ден аз пациенттердің 10% ем басталғаннан кейін 4-6 аптадан кейін байқалды. 12 апталық емнен кейін қан плазмасындағы калий концентрациясының орташа төмендеуі 0,41 ммоль/л құрады.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

ДП «пайда-қауіп» арақатынасының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету мақсатында ДП тіркелгеннен кейін күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды.

Медицина қызметкерлеріне дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жағымсыз реакциялары туралы ұлттық жариялау жүйелері арқылы хабарлау ұсынылады.

Ресей Федерациясы:

109012, Мәскеу қ., Славянская алаңы, 4 үй, 1 кұр.

Денсаулық сақтау саласындағы федералды қадағалау қызметі (Росздравнадзор)

Тел.: +7 800 550-99-03

Электронды пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Армения Республикасы:

0051, Ереван қ., Комитас даңғ. 49/5

«Дәрілік заттар мен медициналық технологияларды сараптау орталығы» МКЕҰ

Тел.: (+374 60) 83-00-73, (+374 10) 23-16-82, (+374 10) 23-08-96

Дәрілер қауіпсіздігін мониторингілеу бөлімінің жедел желісі:

(+374 10) 20-05-05, (+374 96) 22-05-05

Электронды пошта: info@ampra.am, vigilance@pharm.am

<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы:

220037, Минск қ., Товарищеский тұйық көш., 2а

«Денсаулық сақтаудағы сараптама және сынақ орталығы» УП

Тел.: +375-(17)-231-85-14

Факс: +375-(17)-252-53-58

Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны: + 375 (17) 242 00 29

Электронды пошта: rceth@rceth.by, rceth@rceth.by

<http://www.rceth.by>

Қазақстан Республикасы:

010000 Астана қ., Байқоңыр ауданы, А.Иманов көш, 13 («Нұрсәулет 2» БО)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (7172) 235-135

Электронды пошта: farm@dari.kz

<http://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы:

720044, Бішкек қаласы, 3-ші Линия көшесі, 25

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті

Тел.: +996 (312) 21-92-78

Электронды пошта: pharm@dlsmi.kg

<http://dlsmi.kg>

4.9. Артық дозалануы

Симптомдары

Индапамид өте жоғары дозаларда да (40 мг дейін, яғни емдік дозадан 27 есе артық) уытты әсер етпейді.

Дәрілік препаратпен жедел улану белгілері ең алдымен су-электролит теңгерімінің бұзылуымен (гипонатриемия, гипокалиемия) байланысты. Артық дозаланудың клиникалық симптомдарынан жүрек айнуы, құсу, артериялық гипотензия, құрысулар, вертиго, ұйқышылдық, сананың шатасуы, полиурия немесе анурияға (гиповолемияға байланысты) ауысуы мүмкін олигурия білінуі мүмкін.

Емі

Шұғыл көмек шаралары препаратты организмнен тез шығаруға бағытталған: асқазанды шаю және / немесе белсендірілген көмірді тағайындау, содан кейін мамандандырылған бөлімшеде су-электролит теңгерімін қалпына келтіру.

12. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: диуретиктер, тиазотәрізді диуретиктер, сульфонамидтер.

АТХ коды: С03ВА11

Әсер ету механизмі

Индапамид индол сақинасы бар сульфонамид туындыларына жатады және фармакологиялық қасиеттері бойынша нефрон ілмегінің кортикальді сегментінде натрий иондарының реабсорбциясын тежейтін тиазидті диуретиктерге жақын. Бұл бүйрек натрий иондарының, хлордың және аз дәрежеде калий мен магний иондарының шығарылуын арттырады, бұл диурездің жоғарылауымен және гипотензивті әсермен бірге жүреді.

Фармакодинамикалық әсерлері

II және III фазалардың клиникалық зерттеулерінде монотерапия режимінде индапамидті қолдану кезінде 24 сағат бойы сақталатын гипотензивті әсері көрсетілді. Бұл әлсіз диуретикалық әсері бар дозалар аясында байқалды.

Индапамидтің гипертензияға қарсы белсенділігі ірі артериялардың серпімді қасиеттерінің жақсаруымен, артериолярлық және жалпы шеткері қантамырлар кедергісінің төмендеуімен байланысты.

Индапамид сол жақ қарыншаның гипертрофиясын азайтады.

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктердің белгілі бір дозасына жеткенде емдік әсердің платосы байқалады, ал жағымсыз әсерлердің жиілігі препараттың дозасын одан әрі арттырған кезде арта береді. Сондықтан, егер ұсынылған дозаны қолдану кезінде емдік әсерге қол жеткізілмесе, препарат дозасын ұлғайтпаған жөн.

Индапамид артериялық гипертензиясы бар пациенттердің қатысуымен қысқа, орташа және ұзақ мерзімді зерттеулерде:

- липидтер алмасуының көрсеткіштеріне, оның ішінде триглицеридтер, холестерин, тығыздығы төмен липопротеидтер және тығыздығы жоғары липопротеидтер деңгейіне әсер етпейді;
- көмірсулар алмасуының көрсеткіштеріне, оның ішінде қант диабеті бар пациенттерге әсер етпейді.

5.2. Фармакокинетикалық қасиеттері

Арифон ретард таблеткаларындағы әсер етуші зат асқазан-ішек жолында индапамидтің ұзақ босап шығуын қамтамасыз ететін арнайы матрикс-тасығышта болады.

Абсорбциясы

Босаған индапамид асқазан-ішек жолында тез және толық сіңеді.

Тамақ ішу сіңірілудің толықтығына әсер етпей, сіңу уақытын аздап ұзартады.

Қан плазмасындағы ең жоғары концентрацияға бір реттік дозаны ішке қабылдағаннан кейін 12 сағаттан соң қол жеткізіледі. Қайталап қабылдаған кезде препаратты қабылдау арасындағы аралықта қан плазмасындағы препарат концентрациясының ауытқуы түзеледі.

Препараттың сіну көрсеткіштерінің жекелей құбылмалылығы болады.

Таралуы:

Препараттың шамамен 79% қан плазмасының ақуыздарымен байланысады. Препараттың жартылай шығарылу кезеңі 14-24 сағатты құрайды (орта есеппен 18 сағат). Тепе-теңдік концентрациясына препаратты 7 күн қабылдағаннан кейін қол жеткізіледі.

Препаратты қайта қабылдау кезінде оның жинақталуы байқалмайды.

Биотрансформациясы

Индапамид белсенді емес метаболиттер түрінде, негізінен бүйрекпен (енгізілген дозаның 70%) және ішек арқылы (22%) шығарылады.

Пациенттердің ерекше топтары

Арифон ретард дәрілік препаратының фармакокинетикасы бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде өзгермейді.

13. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

6.1. Қосымша заттардың тізбесі

Гипромеллоза

Лактоза моногидраты

Магний стеараты

Повидон 30

Сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы

Үлбірлі қабық

Глицерол

Гипромеллоза

Макрогол 6000

Магний стеараты

Титанның қостотығы

6.2. Үйлесімсіздік

Қатысты емес.

6.3. Жарамдылық мерзімі

2 жыл.

6.4. Сақтау кезіндегі ерекше сақтық шаралары

30°C-ден аспайтын температурада сақтау керек

6.5. Бастапқы қаптаманың сипаты мен мазмұны

30 таблеткадан блистерде (ПВХ/Al). 1 блистерден алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болған жағдайда) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама:

30 таблеткадан блистерде (ПВХ/АІ). 3 блистерден медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтардың бірдей санымен алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болған жағдайда) картон қорапшада.

6.6. Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданғаннан немесе онымен жұмыс істегеннен кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі ерекше сақтық шаралары

Арнайы талаптар жоқ.

14. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

Франция

«Лаборатории Сервье» / Les Laboratoires Servier

92284 Франция, Сюрен Седекс, Карно к-сі 50 / 50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

14.1. Тіркеу куәлігі ұстаушысының өкілі

Тұтынушылардың шағымдары мына мекенжайға жолданады:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная к-сі, 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937-07-00

Факс: +7 (495) 937-07-01

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Беларусь Республикасы

"Les Laboratoires Servier" УАҚ (Француз Республикасы) Беларусь

Республикасындағы өкілдігі

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников к-сі, 70, 303 кеңсе

Тел.: +375 (17) 306-54-55/56

Эл. пошта: officeBY@servier.com

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

«Сервье Қазақстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғ., 310Г

Тел.: +7 (727) 386-76-62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Армения Республикасы

“Лаборатории Сервье” өкілдігі

Мекенжайы: 0001, Ереван қ., Северный даңғылы 1, «Норд» бизнес орталығы

Тел.: +374 (10) 50-50-74

Эл. пошта: pvarmenia@servier.com

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

Ресей Федерациясы: ЛП-№(000156)-(РГ-RU)

Кыргыз Республикасы: ЛП-№000156-ГП-KG

Казахстан Республикасы: ЛП-№000156-ГП-KZ

Армения Республикасы: ЛП-№000156-ГП-AM

Беларусь Республикасы: ЛП-№000156-ГП-BY

9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН (ТІРКЕУ, ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮНІ

Бірінші тіркеу күні:

Ресей Федерациясында 18.03.2021

Кыргыз Республикасында 21.10.2021

Казахстан Республикасында 18.04.2022

Армения Республикасында 21.04.2022

Беларусь Республикасында 26.05.2022

10. МӘТІННІҢ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ

Арифон ретард дәрілік препаратының жалпы сипаттамасы Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желісінде қолжетімді <http://www.eec.eaeunion.org>.

Дата утверждения 12.12.2025